

ISSN: 1814 - 6961
E-ISSN: 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2021, № 4 (96)

4 /2021

Бас редактор
Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қырғыз Мемлекеттік университетінің ректоры (Қырғызстан).

Аязан Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әбусейітова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі республикалық орталығының директоры, ЮНЕСКО-ның «Ғылым және руханият» кафедрасының меңгерушісі (Алматы қ., Қазақстан).

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институтының директоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әжіғали Серік Ескендірұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан).

Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры (Алматы қ., Қазақстан).

Жұмағұлов Қалқаман Тұрсынұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Дүниежүзі тарихын зерттеу орталығының» директоры, Геттинген университетінің (Германия) құрметті профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Кудряченко Андрей Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Украина Ұлттық ғылым академиясының Дүниежүзі тарихы институтының директоры (Украина).

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университетінің профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Любичанковский Сергей Валентинович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Орынбор Мемлекеттік Педагогикалық университетінің Ресей тарихы кафедрасының меңгерушісі (РФ)

Мұхтар Әбілсейіт Қапизұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Сарайшық» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорығының директоры, (Атырау қ., Қазақстан).

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – PhD, Макс Планк атындағы Институт, Цюрих университеті (Швейцария)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Уяма Томохико – PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония).

Жауапты редактор

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

Ғылыми редактор

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Жауапты хатшы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшы

Зикирбаева Венера Серікқызы

Главный редактор
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета имени И. Арабаева (Кыргызстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, заведующая кафедрой ЮНЕСКО «Наука и духовность» (г. Алматы, Казахстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (г. Алматы, Казахстан).

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства (г. Нур-Султан, Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства, (г. Нур-Султан, Казахстан)

Ажигали Серик Ескендиорович – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Международной академии архитектуры стран Востока, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан)

Жумагулов Калкаман Турсынович – доктор исторических наук, профессор, почетный профессор Гёттингенского университета в Германии, директор Республиканского научно-исследовательского центра по изучению всемирной истории Казахского национального университета имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (г. Нур-Султан, Казахстан)

Кудряченко Андрей Иванович – доктор исторических наук, профессор, директор Института всемирной истории Национальной академии наук Украины (Украина)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Алматы, Казахстан)

Любичанковский Сергей Валентинович – доктор исторических наук, профессор, заведующий кафедрой истории России Оренбургского государственного педагогического университета (Россия)

Мухтар Абилсейит Капизулы – доктор исторических наук, профессор, директор Государственного историко-культурного музея-заповедника «Сарайшық» (г. Атырау, Казахстан)

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – доктор PhD, Институт Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Уяма Томохико – PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония)

Ответственный редактор

Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

Научный редактор

Козыбаева Махаббат Маликовна

Ответственный секретарь

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь

Зикирбаева Венера Сериковна

Chief editor
Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

Members of editorial board

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – doctor of historical sciences, professor. Rector of I. Arbaev Kyrgyz State University (Bishkek, Kyrgyzstan)

Abuseitova Meruert Huatovna – doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of National Academy of Science Republic of Kazakhstan, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials of the Institute of Oriental Studies named after R.B. Suleimenov, Head of the UNESCO Department “Science and Spirituality” (Almaty, Kazakhstan)

Alimbay Nursan – candidate of historical sciences, professor, Director of the State Museum Republic of Kazakstan (Almaty, Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholuly – doctor of historical sciences, professor, director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – doctor of historical sciences, professor, deputy director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Azhigali Serik Eskendirovich – doctor of historical sciences, professor, corresponding member of eastern countries international academy of architecture, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ehnology (Almaty, Kazakhstan)

Zhumagulov Kalkaman Tursunovich – doctor of historical sciences, academician, professor at Al-Farabi Kazakh National University. Director of the Research Center on World History Studies. Emeritus Professor of German Göttingen University (Almaty, Kazakhstan)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, professor, academician of the National Academy of Sciences of the Kazakhstan Republic, member-correspondent of Bologna Academy of Sciences (Italy), head of the laboratory of Physical Anthropology of the National museum of Kazakhstan Republic (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Kudriachenko Andrey Ivanovich – doctor of historical sciences, professor, director of Institute of World History of the National Academy of Sciences of Ukraine (Kiev, Ukraine)

Kumekov Bolat Yeshmukhameduly – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan, director at International Institute of Kipchak Studies, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

Sergey V. Lyubichankovskiy – doctor of historical sciences, professor, Head of the Department of Russian History, Orenburg State Pedagogical University (Russia)

Muktar Abilsseit Kapizuly – doctor of historical sciences, professor, director of the State Historical and Cultural Museum-Reserve “Sarayshyk” in Atyrau (Atyrau, Kazakhstan)

Peter Finke – PhD, Max Planck Institute, University of Zurich (Switzerland)

Sydykov Yerlan Battashevich – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan. Rector of the L.N. Gumilev Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Uyama Tomohiko – PhD, professor at Slavic Research Center, Hokkaido University (Japan)

Executive Editor

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

Scientific Editor

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Technical secretary

Zikirbayeva Venera Serikovna

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,

«Отан тарихы» журналының редакциясы

Телефон: +7 (727) 272-46-54

E-mail: Otanhistory@gmail.com

Электрондық мекен-жай:

<http://infohistory.info>

Журнал 1998 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде

1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж кәуәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

rehabilitation of victims of political repression). <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000748> (karalghan kuni: 03.02.2021). [in Kazakh].

Stogov Nikolai Nikolaevich (Stogov Nikolai): https://w.histrf.ru/articles/article/show/stogov_nikolai_nikolaevich (karalghan kuni: 06.02.2021). [in Russian].

Halel Shigaev (Halel Shigaev). <https://timenote.info/ru/Halel-Shigaev> (karalghan kuni: 07.02.2021). [in Russian].

Hlevnjuk O.V. Stalin. Zhizn odnogo vozhdja (Stalin. The Life of a Leader). Moskva: AST, Corpus, 2015. 680 s. [in Russian].

Epplbaum E. GULAG (General Directorate of Camps). Moskva: AST, 2017. 688 s. [in Russian].

Junge M., Bordjugov G., Binner R. Vertikal bolshogo terrora: Istorija operacii popri kazu NKVD № 00447 (The vertical of the Great Terror: The history of the operation by order of the NKVD No. 00447) Moskva: Noviy Hronograf, 2008. 778 s. [in Russian].

ГТАХР 03.20.00

DOI 10.51943/1814-6961_2021_4_149

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921-1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАЛДАПТАРЫ (СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ)

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы¹ИД, Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы¹ИД,
Байдалы Рауан Жомартұлы^{2*}

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы

²А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан, Қостанай

* Корреспондент автор

E-mail: koz.mahabbat_85@mail.ru (Қозыбаева), akudaybergen@mail.ru (Құдайбергенова), rbaidali@mail.ru (Байдалы)

Түйіндеме. Мақалада авторлар 1921-1922 жылдардағы ашаршылықтың себеп-салдарын, Ресейдің зардап шеккен басқа аудандарымен салыстырғанда Қазақстанды азық-түлікпен қамтамасыз етудің қиын, шиеленісті болғандығын ашып көрсетеді. Азамат соғысы кезіндегі күйзеліс, қираушылық пен тәртіпсіздік ашаршылықты өршітіп, мәселелерді тез шешуге кедергі келтірді.

Қазақстанның солтүстік-батыс облыстарында ашаршылық табиғи апаттың салдарынан ғана емес, азық-түлік отрядтарының ауыл шаруашылығы өнімдерін артық деп есептеп, қалдырмай алып кетуіне байланысты орын алды. Қазақ халқы экономикадағы түбегейлі өзгерістерге, ерекше мал басының күрт қысқаруына байланысты ашаршылыққа ұшырады.

Мақалада ашаршылықтың салдары босқындар санының өсуі, аурулардың таралуы, балалардың панасыз қалуы, қылмыстың көбеюі және т.б. негізінде көрсетіледі. Авторлар аштыққа ұшырағандарға көмек көрсетілсе де, оның жеткіліксіз болғанын нақтылап, халықаралық ұйымдардың аштықпен күресудегі рөлін ашады.

Кілт сөздер: соғыс коммунизмі, азық-түлік салғырты, ашаршылық, Кеңес өкіметі, большевиктер, ашаршылыққа ұшырағандарға көмек көрсету комиссиялары, қайырымдылық ұйымдары

МРНТИ 03.20.00

ГОЛОД 1921-1922 ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ И ЕГО ПОСЛЕДСТВИЯ (НА ОСНОВЕ МАТЕРИАЛОВ СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА)

Қозыбаева Махаббат Маликовна¹ИД, Құдайбергенова Айжамал Ибрагимовна¹ИД,
Байдалы Рауан Жомартұлы^{2*}

¹Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. Казахстан, Алматы.

²Костанайский региональный университет им. А. Байтұрсынова. Казахстан, Костанай.

* Автор-корреспондент

E-mail: koz.mahabbat_85@mail.ru (Қозыбаева), akudaybergen@mail.ru (Құдайбергенова), rbaidali@mail.ru (Байдалы)

Аннотация. В статье авторы раскрывают причины и последствия голода 1921-1922 годов в Казахстане, который, по сравнению с другими пострадавшими районами России, испытал большую нагрузку в вопросе обеспечения продовольствием. Голод был усугублен разрухой и безвластием в ходе гражданской войны, которые мешали быстрому решению проблем. В северо-западных регионах Казахстана голод стал возможен не только в результате стихийного бедствия, но и в результате вывоза излишков сельхозпродукции продовольственными отрядами. Казахский народ страдал от голода, особенно в связи с коренными изменениями в экономике и сокращением поголовья скота. В статье показаны последствия голода в виде роста беженцев, распространения болезней, детской беспризорности, преступности и т.д. Авторы приходят к выводу о том, что помощь голодающим хотя и оказывалась, но была явно недостаточной, показывают роль международных организаций в борьбе с голодом.

Ключевые слова: военный коммунизм, продразверстка, голод, советская власть, большевики, комиссии помощи голодающим, благотворительные организации

IRSTI 03.20.00

THE HUNGER OF 1921-1922 IN KAZAKHSTAN AND ITS CONSEQUENCES (BASED ON THE MATERIALS OF NORTHERN KAZAKHSTAN)

Kozybayeva Makhabbat Malikovna¹UD, Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna¹UD,
Baidaly Rauan Zhomartovich^{2*}

¹Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Kazakhstan, Almaty.

²A. Baitursynov Kostanay Regional University, Kazakhstan, Kostanay.

*Corresponding author

E-mail: koz.mahabbat_85@mail.ru (Kozybayeva), akudaybergen@mail.ru (Kudaibergenova), rbaidali@mail.ru (Baidaly),

Abstract. In the article, the authors reveal the causes and consequences of the famine of 1921-1922 in Kazakhstan, which, in comparison with other affected regions, experienced a greater burden in terms of food security. The famine was aggravated by the devastation and anarchy during the civil war, which prevented the rapid resolution of problems. In the north-western regions of Kazakhstan, famine became possible not only as a result of a natural disaster, but also as a result of the removal of surplus agricultural products by food detachments. The Kazakh people suffered from hunger, especially in connection with fundamental changes in the economy and a reduction in the number of livestock. The article shows the consequences of hunger in the form of an increase in refugees, the spread of disease, child homelessness, crime, etc. The authors come to the conclusion that, although assistance to the hungry was provided, it was clearly insufficient, they show the role of international organizations in the fight against hunger.

Key words: war communism, surplus appropriation, famine, Soviet power, Bolsheviks, commissions to help the starving, charitable organizations

Кіріспе. Бүгінгі таңда 1931-1933 жылдардағы ғана емес, 1921-1922 жылдардағы ашаршылықтың тарихын ашып көрсету қажеттілігі де пісіп жетілді. Қазақстандағы XX ғ. 30 жылдарындағы ашаршылықты зерттеуге шетелдік және отандық зерттеушілердің көп көңіл бөлетіні, ал оның алдында орын алған ашаршылықтың біршама «көлеңкеде» қалып отырғаны, жеке жүйелі зерттеу нысанына айналмағаны баршаға мәлім. Соның ішінде 1920 жылдардың басындағы ашаршылық пен оның зор ауқымда ашаршылыққа ұшыраған Солтүстік Қазақстан халқының өміріне әсерін зерттеу мәселесі өзекті болып табылады. Зерттеу аймақтық көзқарас тұрғысынан да өзекті. Солтүстік Қазақстан Кеңес өкіметінің қалыптасу жылдарында, сонымен қатар 1920 жылдардың басындағы ашаршылық кезеңінде қатты зардап шеккен республикалық және жалпыодақтық маңызы бар жетекші аграрлық-шикізаттық аймақтың бірі болды және бұл жағдай аймақтың әлеуметтік және демографиялық бейнесіне әсер етті. Дәл осы кезеңде халықтың күрделі әлеуметтік-демографиялық құрылымы қалыптасты. Кеңестік мемлекеттің аграрлық және индустриялық даму алаңы мен шикізаттық базасы болған Солтүстік Қазақстан дәл осы кезеңде полиэтносты және полимәдениетті аймаққа айнала бастады.

Материалдар және әдістер. Зерттеудің әдіснамалық негізін тарихи принцип құрайды, өйткені зерттеу нысаны өзінің эволюциялық дамуына сай зерттеліп, көрсетілген кезеңде өзгерістерге ұшырайды. Жүйелілік тәсіл аймақтың тарихын әртүрлі ішкі элементтері, байланыстары мен процестері бар неғұрлым кең өзара қатынастар жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде, ал ауыл халқын – тұтас ел халқының құрамдас бөлігі ретінде ұсынуға мүмкіндік береді. Ашаршылық тақырыбын

зерттеуде нысанның көп өлшемділігі мен күрделілігіне орай пәнаралық тәсіл де қолданылады. Халықтың өмір сүру деңгейін әртүрлі қырынан бағалау үшін әлеуметтік, демографиялық, экономикалық және мәдени сипаттағы жеке зерттеулердің жиынтығы қажет. Зерттеуде макро- және микро-тарихи тәсілдердің синтезі қолданылды. Егер макро-тарихи тәсіл қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси, рухани дамуындағы өзгерістерді көрсетсе, онда микро-тарихи тәсіл көптеген макро-оқиғалардың өмір сипатына, яғни өмір салтына, тұлғааралық қатынастарға және т.б. әсерін байқауға мүмкіндік береді. Осы бағыттардың барлығы зерттеу мақсатынан шығатын бірыңғай әдістемелік схемамен, бірыңғай бағдарламамен біріктірілді. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жазу кезінде жалпы ғылыми әдістер қолданылды: талдау, синтез, статистикалық әдіс. Арнайы әдістерге салыстырмалы талдау әдістері, тарихи-типологиялық, проблемалық-хронологиялық, тарихи-жүйелік әдістер жатады.

Дереккөз базасы ретінде негізінен іс жүргізу құжаттарымен ұсынылған архив материалдары, сонымен қатар статистикалық материалдар, мерзімді баспасөз және жеке шығу деректері болды. Зерттеудің теориялық негізін аграрлық тарихтың әртүрлі аспектілерін зерттеуге үлкен үлес қосқан шетелдік және отандық тарихи ой өкілдерінің жұмыстары құрады.

Талқылау. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін тарих ғылымындағы әдіснамалық постулаттар өзгерді, қазақстандық тарихнама Кеңес мемлекеті тарихындағы олқылықтарды толтыра отырып, тоталитаризмнің шаруаларға қатысты адамгершілікке жатпайтын саясатын аша бастады. Қазіргі уақытта Қазақстанның тарихи ғылымында тақырыбымызға қатысты ғылыми зерттеулердің белгілі бір базасы бар, олардың авторлары 1920 жылдардың басындағы ашаршылықтың жекелеген қырларын зерттеді. Г.Ф. Дахшлейгер (Дахшлейгер, 1978), М.К. Қозыбаев (Қозыбаев, 2006), Т.О. Омарбеков (Омарбеков, 1997), М.К. Қойгелдиев (Қойгелдиев, 2009), Ж.Б. Абылхожин (Абылхожин, 1997), К. С. Алдажұманов (Алдажұманов, 1992), К.А. Берденова және С.И. Иманбердиев (Берденов т.б., 1994) сияқты кеңестік және қазақстандық ғалымдардың ғылыми еңбектерінде тоталитарлық жүйенің Қазақстан қоғамының дәстүрлі құрылымына және Қазақ даласындағы әлеуметтік-экономикалық процестерге ықпал ету проблемалары көтеріледі. 1920 жылдардың басындағы ашаршылық кезеңіндегі демографиялық үдерістерді зерттеуге зерттеушілер А.Н. Алексеенконың (Алексеенко, 1993), М.Х. Асылбековтың, А.Б. Галиевтің (Асылбеков, Галиев, 1991), К.А. Саркенованың (Саркенова, 2011) және т.б. еңбектері арналған. 1920 жылдардың басындағы ашаршылық кезеңіндегі және кейінгі кезеңдегі әлеуметтік-мәдени жаңғыру үдерістері туралы Р.Ж. Кадысованың (Кадысова, 2006), Р. Конквесттің (Conquest, 1986), М.Б. Олкоттың (Олкот, 1981) және басқалардың жұмыстарында қарастырылады. Бұл тақырыпты көтеруде ашыққандарға көмек көрсету жөніндегі кампанияларды баяндайтын мұрағаттық материалдар мен мерзімді басылымдар маңызды рөл атқарды. Отандық тарихнаманың жалпы тенденциялары осы ауқымды апаттың себеп-салдарлық байланыстары мен салдары әлі күнге дейін аз зерттелген ғылыми мәселе болып қала беретінін көрсетті.

Зерттеу нәтижелері. Қарулы жолмен билікке келгеннен кейін 1917 жылы большевиктер елді, соның ішінде Қазақ өлкесін басқарудың күштеу және командалық-әкімшілік әдістерін қолданғаны баршаға мәлім. Қарама-қарсы күштермен қарулы қақтығыс аясында большевиктер өнеркәсіптік кәсіпорындарды мемлекеттендіріп, сондай-ақ азық-түлік салығын енгізді. Жаңа биліктің осы және басқа шаралары, құрғақшылық пен астықтың жетіспеушілігі, әсіресе дала тұрғындары арасында жаппай ашаршылыққа әкелді. 1921-1922 жылдары Еділ бойы мен Қазақстан аумағын жаппай ашаршылық жайлады. Қазақстанның зардап шеккен аудандарымен бірге ашаршылық Ресейдің 35 губерниясын қамтыды. Кеңестік Ресейдің түрлі өңірлерінде егіннің шықпай қалуы, оларды азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі қазақ даласынан алынатын астық мөлшерін өсіріп, республикамыздағы жағдайды ушықтырды. Қазақстанда астықтың аз өндірілетінін ескерсек, онда жергілікті халықтың малын тәркілеуге қатты көңіл бөлінгенін түсінеміз. Тәркілеудің бұл әдістерін жергілікті халық тонау ретінде қабылдады және қарулы қақтығыстарға айналған наразылықтың өсуіне себеп болды. Азаматтық соғыс кезіндегі экономиканың күйреуі және тәртіпсіздіктер ашаршылықты күшейтіп, бұл мәселелерді шешуге кедергі келтірді.

1920 жылдардың басында Кеңес мемлекеті экономикасының аграрлық секторының дағдарысын ушықтырған негізгі себеп болып табылатын, экономикадан тыс мәжбүрлеу негізінде жүзеге асырған саясатты тарихшылар қазір экономикалық тұрғыдан тиімсіз «соғыс коммунизмі» саясаты деп атайды. «Соғыс коммунизмі» кезеңінің алдындағы 1920 жылдың басындағы большевиктердің азық-түлік саясаты «Азық-түлік салғырты жойылсын!», «Коммунистерсіз кеңестер болсын!» деген ұрандар көтерілген қарулы қақтығыстарға ұласты. Осындай ұрандар көтерілген халық қарсылықтарының қатарына Кронштад, Тамбов, Батыс-Сібір, Украинадағы «Махно» қозғалысы, Орта Азиядағы «басмашылар», Поволжьедегі, Оралдағы көтерілісі және т.б. жатады. Азаматтық соғыс кезеңіндегі кеңестік Ресейдегі шаруалардың антикоммунистік қарулы көтерілістеріне қатысушылардың саны жағынан ең қуатты көтерілістердің бірі Батыс Сібір мен Солтүстік – Шығыс Қазақстанның аумағын қамтыған, тарихнамада Батыс Сібір (кейде басталған кезеңдегі эпицентрді ескере отырып, Есіл-Петропавл) деп аталған көтеріліс болды.

1920 жылдардың басында ашаршылыққа ұшырағандардың және ашаршылықтан қаза болғандардың абсолюттік санын анықтауға қатысты мәселе әлі күнге дейін өзекті күйінде қалып отыр, өйткені өлім-жітім жағдайлары толық тіркелмеген және ескерілмеген, ал құжаттардың бір бөлігі архив қорларынан алынып қойылған. Тарихшылардың ашаршылық құрбандарын анықтау жөніндегі соңғы зерттеулерінде 1920 және 1923 жылдардағы ауыл шаруашылығы санақтарын салыстыру негізінде қазақтардың қаза болғандарының саны айтылуда. Ол 414 мың адамды (қазақ халқының 18,5%) құрайды және барлық халыққа қатысты 1920-1923 жылдар аралығындағы халықтың кему пайызы – 19,1%, оның ішінде ауыл халқы – 21,5%-ға кеміді деп айтылады.

1921 жылдың соңы мен 1922 жылдың басында «Қазақ АКСР-нда ашыққандар саны 1309 мың адамға дейін жетеді, бұл ашаршылыққа ұшыраған губерниялар халқының жалпы санының 59%-ын құрайды» деп хабарлады (ҚРОМА, 68:29в). Батыс Қазақстан губернияларында 1921 жылғы қарашада аштыққа ұшырағандардың саны 63,4% - ды құраса, 1922 жылғы сәуірге қарай олардың саны халықтың жалпы санының 93% - ына жетті (Масанов, т.б., 2000:368). Сондай-ақ Ресейдің орталық губерниялары мен Еділ бойынан келген қоныстанушылардың көшіп-қонуы әсерінен Қазақ елінің батыс бөлігінің жағдайы тіпті нашарлап кетті.

Қазақ Орталық атқару комитетінің алдындағы бірінші кезектегі міндеті Қазақстан аумағында аштықтың орын алғандығын Орталыққа дәлелдеу және аштыққа ұшыраған аудандардан азық-түлік салығын алып тастау үшін оның ауқымын анықтау болды. 1921 жылдың қарашасына қарай Қазақ жер халық комиссариаты, Қазақ азық-түлік халық комиссариаты және Қазақстан басқармасы Қазақ АКСР-ның жеті губерниясының бесеуін аштық жайлағанын анықтайды. Ашаршылық Орынбор, Қостанай, Ақтөбе, Орал, Бөкей губернияларын және жалпы аумағы 1.048.100 шаршы метр верст және халқы 2.633.300 адам болатын Адай уезінің кейбір болыстарын қамтиды... Ашаршылыққа ұшыраған 5 губерниядағы адамдардың саны екі жыныс бойынша 1 508 900 адамды құрады ...«Кейінірек бұл жерлерден келген мәліметтерге сәйкес, ашаршылыққа ұшырағандардың саны 1 558 927 адамды құрады» (ҚРОМА, 25:9).

Қазақстанның солтүстік-шығыс аймақтарында ауыл шаруашылығы өнімдерін азық-түлік отрядтарының артық деп алып кетуінің нәтижесінде ашаршылық шиеленісе түсті (Қозыбаев, 2014:162). Қостанайдың «Красная степь» газеті жазғандай, РКП (б) ОК-нің 1920 жылы партияның барлық губерниялық комитеттеріне жолдаған хатында: «Болысқа жүктелген азық-түлік салғырты деген сөздің өзі өнімнің артық мөлшерін анықтау болып табылады», - деп түсіндіріп, шаруадан алынатын өнімдердің санын көрсетті (Красная степь, 1920 (4):3). Ақмола және Семей губерниялары салыстырмалы түрде қолайлы деп есептелгендіктен, мұнда барлық артықтардың 80% - на дейін азық-түлік жасақтары алынды, азық-түлік салығынан 4 млн. пұт нан және 24,5 мың пұт май жиналды. Алынған өнімдер (астық, май, ет) елдің орталығына жіберілді: Мәскеу, Петроград, Самара, Қазан, Саратов және т.б. атап айтқанда, Павлодар 1921-1922 жылдары жетекші В.И. Лениннің жеке нұсқауы бойынша Мәскеу мен Петроградқа теміржол арқылы нанды үздіксіз жіберу үшін негізгі тасымалдау базасы болды: тек Мәскеуге күн сайын 60-тан 100 вагонға дейін нан жөнелтілді, ал жергілікті ашыққан халыққа нан таратуға қатаң тыйым салынды (Нурбаев, 1998:11).

Осындай саясаттың салдарынан Ақмола губерниясы 1921 жылдың наурыз айының соңында 472 000 адам ашықты деп есептеді, бұл губерния халқының шамамен 50% құрады (ҚР ОМА, 25:13ор). Ақмола губерниясындағы азық-түлік жағдайының нашарлауы азаматтық соғыс, мемлекет тарапынан шамадан тыс азық-түлік саясаты, құрғақшылық нәтижесінде халықтың кедейленуімен, сондай-ақ Еділ мен көршілес провинциялардан босқындардың келуімен түсіндірілді. Әсіресе ашаршылықтан Ақмола губерниясының Петропавл, Көкшетау және Атбасар уездері зардап шекті.

Қазақ денсаулық сақтау наркомының мәліметтері бойынша, «1921 жылдың 1 қарашасынан бастап 1922 жылдың 1 шілдесіне дейін медициналық мекемелердегі ашаршылық салдарынан өлім-жітім 37 657 адамды құрады... 1922 жылдың басында өлім-жітім үлкен мөлшерге жетті; бір ғана Орск қаласында 4 айда 16 000 адамның 11 000-ы қайтыс болды. Ақтөбе губерниясының Можаров ауданының Тоқан болысында 1 500 адамнан 600 адам қаза тапты, сонымен қатар тұтас кенттер мен ауылдар толығымен жойылу жағдайлары да болды» (ҚР ОМА, 42:70).

Ашаршылық Кеңес өкіметінің Ресей, Еділ аймағы мен Украинаның орталық аудандарынан Қазақ ССРО-ның солтүстік, батыс және шығыс бөліктеріне тыйым салуына қарамастан босқындар көбейіп, соның салдарынан ол жақ апатты болды. Қостанай газетінің («Степь») былай делінген: «Поволжье губернияларынан қазіргі аштардың қоныс аударуы – бұл жалпы пікір бойынша ақылсыздық... Мүмкін, жүздеген, мүмкін, мыңдаған адамдар бас сауғалап барар, бірақ олардың көпшілігі қажетті көмек келгенше өліп те қалады» (Степ, 1921(5):2).

Өз кезегінде халықтың жаппай көші-қоны ашаршылықтың салдары болды. Адамдар Кирреспублика аумағына ғана емес, сонымен қатар одан тыс жерлерге – Сібірге, Түркістан Республикасына, Моңғолияға, Қытайға қоныс аударды. Аман қалу үшін көшпелі және отырықшы халық тұрған жерлерін тастап, тірі қалу әртүрлі бағытта бытырап кетті. Мәселен, губсовнархоз мүшесі Қазбеков

Ақмоланың губревкомына 1921 жылғы 22 Шілдеде Атбасар уезінің 10 Бағаналы болысының 6000 қырғыз отбасының Түркістанға қоныс аударғаны туралы хабарлады (СҚМА, 6:29).

Стихиялы миграциямен күрес өз нәтижесін бермеді. «Толқын сияқты арбалар мен адамдар ығы-жығы болып, қалалар мен темір жол бойына ағылды. Осылайша тәртіпсіздік пен топтасу, мысалы, Орынборда 12000-ға дейін және одан жоғары, Ақтөбеде 15000-ға дейін, Ақбұлақ шағын станциясында 5000 адамға дейін байқалды; осындай қорқынышты жағдайлар басқа провинцияларда да байқалды. Жаз мезгілінде қандай да бір азық-түлік тиелген ат арбаларымен қатар, отбасы мүшелерінің сүйемелдеуімен өз түйеншіктерін алып жүрген адамдар қорқынышты және мұңды суреттерді байқауға тура келді» (ҚР ОМА, 25:7).

